

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЖАЗУЫ**AKHMET BAITURSYNOV AND KAZAKH WRITING****B. MOLDAGALI**

PhD, Associate Professor, Innovative University of Eurasia , bahados_@mail.ru, Kazakhstan, Pavlodar

G.T. KARIPZHANOVA

Ph.D. Candidate of sciences

S.TORAIGYROV

Pavlodar state university, Adon70@mail.ru, Kazakhstan, Pavlodar

АНДАТПА

Мақалада Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ жазуының тарихы қарастырылады. Бүгінгі қоғамның басты назарындағы әліпби мәселесі де ұлттық құндылықтың негізімен тамырлас, өзектес. Қазақ жазуының бастауы пиктография, бітік жазуларынан нәр алатындығы аян. Бітік жазу түркі халқының тарихы мен мәдениетінің негізі. Араб алфавиті арамей жазуының бір тармағы набатей алфавитінің негізінде пайда болғанын білеміз. Осы араб жазуынан қазақ жазуының «жаңа емелесін» Ахмет Байтұрсынұлы құрастырды. Бұл «төте жазуы» немесе ғалымдардың сөзімен А. Байтұрсынұлы жазу. «Төте жазу» дейтініміз, оңынан солға қарай жазылуынан. «Төте жазу» бүгінгі күнге дейін Қытай қазақтарының арасында сақталған.

Қазақ жазуының тарихында VI ғасырда 22 әріпті қамтыса, VIII ғасырда олардың саны 28-ге жетті. Жалпы араб жазуының кемшіліктерімен қоса, алғашқы қазақ баспасөзінің жазу құралы болған араб графикасының қазақ әдеби тілінің қалыптасуына көп септігі тигендігін де айта кетуіміз керек. Баспа беттерінде жарияланған мәліметтерге сүйенсек, 1915 жылдың бір өзінде жаңа емлемен 15-тей кітап басылып шығыпты. Сондай-ақ А. Байтұрсынұлы ұсынған «жаңа емле» 1913 жылдардан бастап мұсылман медреселерінде де, қазақ - орыс мектептерінде де қолданыла бастады. Жалпы А.Байтұрсынұлының бұл жазу жүйесі ұлттық қазақ жазуы деп аталды. Тілші ғалымның араб әріптері негізінде лайықталған қазақ графикасы 1924 жылы Орынборда маусымның 12-сінде басталған қазақ, қырғыз білімпаздарының тұңғыш съезінде ресми түрде талқыланған. XXI ғасыр қазақ жазуына үлкен өзгеріс кіргелі тұр. Барлық түркі халқына ортақ әліпбиі латын графикасына еңбек. Мақалада латын әліпбиі жөніндегі ғалымдардың пікірлері басшылыққа алынып, өз ой пікіріміз қорытындыны.

Кілт сөздер: араб, төте жазу, әліпби, латын, қазақ.

ABSTRACT

The article considers Akhmet Baitursynov and trich of Kazakh writings. The alphabet, which is in the focus of today's society, is also fundamental and relevant to national values. Revealed that the beginning of the Kazakh inscription comes from the pictographs, inscriptions. The inscription is the basis of the history and culture of the Turkic people. We know that one of the Arabic alphabets was written on the basis of the alphabet of the Arabian alphabet. Akhmet Baitursynov, the "new member of the Kazakh writer", wrote this Arabic letter. This is a "direct inscription" Baitursynuly write. The word "write" is from the right to the left. The "Quick Recording" is still preserved among the Chinese Kazakhs.

In the history of the Kazakh writer, there were 22 letters in the VII century, while in the VII century there were 28 of them. In addition to the shortcomings of the Arabic script, it should be noted that the Arabic graphics, the first Kazakh press, had a great impact on the formation of the Kazakh literary language. According to the information published in the print media, in 1915 alone, about 15 books were published with a new spelling. And also A. Baitursynov's "new spelling" began to be used in Muslim madrasahs and Kazakh-Russian schools since 1913. In general, this recording system of A. Baitursynov was called the national Kazakh script. The Kazakh graphics, based on the Arabic alphabet, was officially discussed at the First Congress of the Kyrgyz, Kyrgyz intellectuals, which began in Oman on June 12, 1924. A big change in the Kazakh writing of the 21st century is expected. All Turkic people will get Latin alphabet. The article is based on the views of the Latin alphabet, and our conclusions have been summed up.

Key words: Arabic, direct writing, alphabet, Latin, Kazakh.

Ахмет Байтұрсынұлының есімі қазақ жазуы, қазақ әдебиеті ұғымдарымен қатарлас, мәндес саналып, одан қала берді жалпы қазақ руханиятының айнымас, ажырамас бөлшегіне айналған ардақты есімдердің бірі. Ғалымның ұлт үшін жан пидалықпен атқарған еңбектерінің бағасы еш ортаймақ емес.

Бүгінгі қоғамның басты назарындағы әліпби мәселесі де ұлттық құндылықтың негізімен тамырлас, өзектес. Қазақ жазуының бастауы пиктография, бітік жазуларынан нәр алатындығы аян. Бітік жазу түркі халқының тарихы мен мәдениетінің негізі десек те болады. Араб алфавиті арамей жазуының бір тармағы набатей алфавитінің негізінде пайда болған Ахмет Байтұрсынұлының «төте жазуы». «Төте жазу» дейтініміз, оңынан солға қарай жазылуынан. «Төте жазу» бүгінгі күнге дейін Қытай қазақтарының арасында сақталған.

Тарихқа үңілсек VI ғасырда 22 әріпті қамтыса, VIII ғасырда олардың саны 28-ге жетті. Жалпы араб жазуының кемшіліктерімен қоса, алғашқы қазақ баспасөзінің жазу құралы болған араб графикасының қазақ әдеби тілінің қалыптасуына көп септігі тигендігін де айта кетуіміз керек. Баспа беттерінде жарияланған мәліметтерге сүйенсек, 1915 жылдың бір өзінде жаңа емлемен 15-тей кітап басылып шығыпты. Сондай-ақ А. Байтұрсынұлы ұсынған «жаңа емле» 1913 жылдардан бастап мұсылман медреселерінде де, қазақ - орыс мектептерінде де қолданыла бастады. Жалпы А.Байтұрсынұлының бұл жазу жүйесі ұлттық қазақ жазуы деп аталды. Тілші ғалымның араб әріптері негізінде лайықталған қазақ графикасы 1924 жылы Орынборда маусымның 12-сінде басталған қазақ, қырғыз білімпаздарының тұңғыш съезінде ресми түрде талқыланды. Бұл съездің күн тәртібінде алты мәселе қойылды:

- 1) жазу, яғни орфография ережелері,
- 2) әліпби (яғни алфавит, графика мәселесі),
- 3) қазақша пән сөздер (терминология),
- 4) ауыз әдебиетін жою шаралары,
- 5) оқу, ғылым кітаптарын көбейту шаралары,
- 6) бастауыш мектептің программасы.

Съезде Ахмет Байтұрсынұлы «Әліпби тақырыпты» [1] деген атпен баяндама жасайды. Түркі халықтарының қолданылып келе жатқан жазуы бар екендігін, оны тастап, басқа графикаға көшу оңай емес деген пікірін осы съезде дәлелдейді. Әліпби (алфавит) қандай қасиеттерге ие болу керек деп, қазақ халқы қолданып отырған, икемделіп, өңделген (реформаланған) араб алфавитінің оң сипаттарын (қасиеттерін) көрсетеді де, латынға көшкенде, латын алфавитін қолданушы Европа халықтары тіліне түркі жұрттарының қатысы жоқ дей келіп, «латын әліпбиін тұтынған (европалық) жұрттар орыстың орнында болып, аузына қарап... балаларымызға тілін үйретіп отырған жұрттар болса екен... Онда алуға мағына бар дер едік» [1.83] деп ойын орнықтыра түседі. Бұл жерде, сірә, араб алфавитін тастау қайткенде де қажет болса, латынға емес, тілін қоса үйреніп жатқан, отандас, тағдырлас орыс халқы қолданып отырған жазу қолайлы емес пе деген ой ұшқыны жалт ететін тәрізді. А.Байтұрсынұлының осы баяндамасын және латын таңбаларын алуды қостаған Нәзір Төреқұловтың баяндамасын талқылап, екі алфавиттің оң-теріс жақтарын сарапқа салып қарағаннан кейін, съезд: «Қазақ тұтынып отырған түрік (араб таңбалы) әліпбиінің баспа түрінің дара болмауы баспа ісіне де, үйрету жағына да қолайсыздық қылатын болғандықтан, ол қолайсыздықтан құтылу үшін түрік әліпбиінің өзін түзету өзге әліпби алудан анағұрлым оңай болғандықтан, түрік әліпбиінің жазба түрін осы күйінде қалдырып, баспасын дара түрінде алу керек» [1] деп А. Байтұрсынұлы реформалаған және баспа түрінің де вариантын ұсынған араб жазуы негізіндегі қазақ алфавитін қабылдау керек деген ҚАРАП ұсынды. Соған қарамастан, қазақ

жазуы 1929 жылы латын графикасына көшірілді. Бұл туралы белгілі ғалым Ә. Қайдаров: «1929 жылы Қазақстанда тіліміздің табиғатына бейімделіп, ресми ұлттық жазу болып қалыптаса бастаған Ахаңның әліпбиін аластатуға ешқандай объективті себеп, қажеттілік болмаған еді», - дейді.

А. Байтұрсынов фонемографиясына ғылыми анализ жасаған түрколог-фонетист М.Жүсіпов түркі тілінің дыбыс үндесім тіл екенін анықтап тұңғыш рет «дыбыс үндесім» (сингармофонем) деген атау енгізіп келді [2.11-19]. Кейін 2005 жылы белгілі фонетист Ә. Жүнісбек осы дыбыс үндесім теориясын байытып байырғы түрік жазба тілінің фонологиялық моделін жасады [3.120-125].

1940 жылдан бастап Ресей миссионер Ильминскийдің арманын жүзеге асырды, яғни түркі халықтарын орыс жазуын қабылдауға мәжбүр етті. Осылайша, түркілер ұлттық санасынан ажырай бастады.

1938 жылы шыққан «Батырлар жыры» кітабіндегі «Қыз Жібек» жыры:

Qьjssa воьр вул Çіvek,	Құса (қыйса) болып бұл Жібек
Basvasьna qarasam,	Бас басына қарасам
Bәri cala sөziniң	Бәрі шала сөзінің
Eңirep çылар çyr çydep...	Еңіреп жылап жүр жүдеп
Тьңдаqan adam çылаqan.	Тыңдаған адам жылаған
Arvaqtaғь çar volsa	Аурақтары жар болса
Syjejın munь bir demep [511б].	Сүйейін мұны бір демеп

«Б- ы, с-ш, ç-ж, в-б, ң-ң, Q - ғ, қ, j-й» деп берлігенін көреміз. Ал Ә, Ө дыбыстары өзгеріссіз қалдырылған. Ғалым С. Н. Мырзабеков «Қазақ тілінің айтылым сөздігі» (2001ж). «Орфографиялық сөздік» демей «айтылым сөздік» деудің өзінде де мағына жатыр. Мәселен, ғалым С.Н. Мырзабеков А. Байтұрсыновтың ізімен қазақ әліпбиінің 28 таңба ғана пайдаланған. Қазіргі 32 деп беріп отырған әліпбидің 4-еуі артық (ф, в, ч, х). Сөзіміз дәлелді болу үшін тағы С.Н. Мырзабековке сүйенеміз.

Айтылу сарын бойынша «ф –п» әріпі / Фәни-дүние- пәни дүние. X- қ / Хабар-қабар, хат-қат

Егер латын таңбаларын баптап қабылдай алсақ, онда көптеген тіл бұзар әріптер мен емле-ережелер өзінен-өзі түсіп қалады.

Латын әліпбиіне ауысуға жөнінде әріптестеріміз де құпатайды, атап айтар болсақ, филол.ғылым. докторы Бекен Сағындықұлы «Жаһандану кезінде латын әліпбиіне көшеміз деген мемлекеттік саясатты екі қолымды көтеріп тұрып қолдаймын. Бұл – дұрыс нәрсе! Тіпті, сандық жағынан салыстырып көрсеңіз де кирилл әліпбиі мен латын әліпбиін қолданатындардың арасы жер мен көктей. Егер кирилл әрпінде қала беретін болсақ, жаһанданудан қалдық деп ойлаймын. Ал латынды қолданар болсақ, алдыңғы қатарлы елдермен тереземіз тең болатын деңгейге жетеміз» десе, фонетист ғалым, профессор В. А. Шнайдер «Біздің негізгі мақсатымыз, қазақты латын әліпбиіне көшіру арқылы, басқа латын әліпбиіне жазатын, оқитын түркі тілдеріне жақындасу. Дұрыс алвафит қабылдасақ, біз тілдің жүйесін құртамыз. Тілдің жаны - дыбыстық жүйесінде. Қаншалықты бұрыс не, дұрыс алвафит қабылданады, мен жүрген жерімде айтып жүремін бұл бүгінгі күннің ісі емес, үстіртін қарауға болмайды, бақандай бір халықтың тілінің тарихы, болашағы. Ертең алвафит теріс болса, тілде теріс кетеді. Дыбыстық жүйесіне нұқсан келсе, онда шынында бабалардың мұрасы жоққа кетеді». Ағылшын тілінің маманы, «Болашақ» халықаралық стипендиаты,

филол.ғылым. кандидаты А.В. Алиясова «Бұл Қазақстан үш өте дұрыс шешім, мен тіл маманы ретінде оң жақтарын көп көремін. Біріншіден, біз дамыған ел қатарында болуымыз, лингвистикалық мәселелер Қазақстанның экономикасына әсер етеді. Көбі ойлайды, қазақтың тарихы, әдебиеті, дәстүрі ұмыт қалады деп, латынға көшкен басқа да мемлекеттердің соның ішінде Азия елдері әлі күнге дейін латын әліпбиін қолданып келеді. Олардың әдебиеті, өнері және ежелгі салт-дәстүрлері де сақталып қалған. Сондықтан менің ойымша, бұл қазақ тілінің дамуына ешқандай кері әсер бермейді. Әрине егде адамдарға бұл жазуға үйренісе алмауы қиын болады, бірақ уақытша ғана. Уақыт - шекараны өшіреді. Жас ұрпақ бұған тез үйреніп кетеді» деп өз ойларын ортаға салады.

Неге қазақ жазуы төте жазу, латын әліпбиі, одан қала берді кириллица болып өзгере келе енді қайта латын әліпбиіне көшеміз? Кириллицада қала берсек болмай ма? дейтін сұрақтар туындайтыны рас. Елімізді Тәуелсіздігін алды. Тәуелсіз елдің қоғамдағы өзгерісі, саяси-идеологиялық, экономикалық тиімділігі байланысты жазу емлесін де өзгертуіміз керек. Бұл Тәуелсіздігіміздің жетістігі.

Жазу реформасын игеру үшін көпшілік бұқараға бір жылдың ар жақ бер жағы жетіп жатыр. Ал мектеп және өзге оқу орындары үшін жазба құралдарының дайындығына кететін уақытты есепке алуға тура келеді. Дегенмен, тарсыл-гүрсіл боп жатқан баспаханалар жоқ, компьютердің кілтімен кириллицадан латыншаға қас қағымда аударып алуға болады. Ағылшын тілін жаппай оқып жатқан балаларға қазақ латыншасына жаттығу қиындық туғызбайды. Ендеше жылдан жылға созылудың еш реті жоқ. Егер оқулықтар мен оқу-құрадарының латыншаға көшірілуі қол байлау болмаса, қазақ латыншасының көз жаттамы мен қол дағдысын қатар игеріп алу, арысы екі-үш жылдың шамасы, берісін тым жақындатпай-ақ қояйық, уақыт көрсетер.

Сөз сонында, қазақ тілі дамып, кірме дыбыстармен байып жатыр немесе жазудағы қаражат шығындары көп деп қорқу, терминдер мәселесі тағы бар, айта берсек бітпес іске себеп көп. Сонымен,

- ✓ бірінші, алымен, «сауат ашып алу» керек, көпшілік үшін қазақ мәтінінің «әліпби дыбыс жазбасын (транскрипциясын)» дайындау.
- ✓ екінші, «әліпби дыбыс жазбасына» лайық морфем, буын, тасымал емле-ережелерін қайта дайындау (өзгерістер енгізу);

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі. А., 2005. – 114 б.
2. Джусупов М. Фонемография А.Байтурсынова и фонология сингармонизма. -Ташкент, 1995.
3. Жүнісбек Ә. Көне түркі жазуының фонологиялық моделі жайлы // Тіл және қоғам. - Астана, 2005. -№1. -120-125 б.